



<b>АҚ «Қ. Құлажанов атындағы қазақ технология және бизнес университеті»</b>	
<b>САПА МЕНЕДЖМЕНТІ ЖҮЙЕСІ</b>	
<b>Іс-қимыл тәртібі туралы ереже</b>	
<b>Қосымша білім беру бағдарламасы туралы ереже (Minor)</b>	<b>XC ISO 9000:2015 XC ISO 9001:2016 XC ISO 37001:2016</b>
<b>ҚазТБУ-ББББ-ІҚТТЕ-8.3/8.1-2025-17</b>	<b>Күні « 18 » маусым 20 25 ж.</b>



**БЕКІТЕМІН**

Құлажанов атындағы  
«ҚазТБУ» АҚ Ректоры  
Л.К. Байболова  
« 18 » маусым 2025 ж.

**САПА МЕНЕДЖМЕНТІ ЖҮЙЕСІ**  
**ҚОСЫМША БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ**  
**(MINOR)**  
**ҚазТБУ-ББББ-ІҚТТЕ-8.3/8.1-2025-17**

**КЕЛІСІЛДІ**

АСЖ Проректор  
Э.Б. Аскарбеков  
« 18 » маусым 2025 ж.

Астана, 2025

Нұсқа: \_\_\_\_\_

КӘ: \_\_\_\_\_

«Google диск» бойынша тіркеу № \_\_\_\_\_

## АЛҒЫ СӨЗ

Осы Ереже Білім беру бағдарламалары басқармасымен әзірленген.

Осы Ереженің талаптары оқу процесін қамтамасыз ететін барлық құрылымдық бөлімшелер үшін міндетті болып табылады.

Осы Ереже «Қ. Құлажанов атындағы ҚазТБУ» АҚ құжаттамасының құрамына кіреді.

Осы Ереженің мерзімді тексерісі ББББ басшысымен 3 жылдан аспайтын аралықта жүргізіледі.

Осы Ереже «Қ. Құлажанов атындағы ҚазТБУ» АҚ ректорымен бекітіледі және бекітілген күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

Осы Ережеге өзгерістер «Қ. Құлажанов атындағы ҚазТБУ» АҚ қызметінде оны қолдану нәтижелері бойынша әзірленеді.

2024 жылғы 29 ақпандағы №7 Ғылыми кеңес отырысының шешімімен бекітілген ҚА 10-07.28.2022 «Қосымша білім беру бағдарламасы туралы ереже (Minor)» құжатының күші жойылды деп танылсын.

**МАЗМҰНЫ**

Алғы сөз	4
1. Құжаттың атауы	4
2. Әзірлеуші	4
3. Құжатты әзірлеу мақсаты	4
4. Нормативтік сілтемелер	4
5. Терминдер мен анықтамалар	5
6. Қолданылған қысқартулар	5
7. Жалпы ережелер	6
8. Қосымша білім беру бағдарламасы (Minor) туралы ережені іске асыру механизмі	7
9. Процеске байланысты тәуекелдер және тәуекелдердің алдын алу әрекеттері	8
10. Жауапкершілік және өкілеттік	8
Қосымша білім беру бағдарламалары каталогының нысаны (Minor) Н.ББББ 8.3/8.1-2025-17-01 (міндетті)	9
Келісу парағы	12
Танысу парағы	12
Тіркеу өзгерістерінің парағы	13
Мерзімдік тексерулерді есепке алу парағы	13

## 1. ҚҰЖАТТЫҢ АТАУЫ

1.1 Қосымша білім беру бағдарламасы туралы ереже (Minor) ҚазТБУ-ББББ-ІҚТТЕ-8.3/8.1-2025-17

## 2. ӘЗІРЛЕУШІ

2.1 Білім беру бағдарламалары басқармасы

## 3. ҚҰЖАТТЫ ӘЗІРЛЕУ МАҚСАТЫ

3.1 Еңбек нарығының қазіргі заманғы қажеттіліктеріне сәйкес даярлау бағыттары бойынша мамандардың қосымша құзыреттерін қалыптастыру мақсатында жоғары білімнің қосымша білім беру бағдарламаларын (Minor) құру кезінде бірыңғай тәсілді қамтамасыз ету

## 4. НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

4.1 ХС ISO 9001:2015 Сапа менеджменті жүйесі. Талаптар

4.2 ХС ISO 9000:2015 Сапа менеджменті жүйесі. Негізгі ережелер мен сөздік

4.3 ХС ISO 37001:2016 Сыбайлас жемқорлыққа қарсы менеджмент жүйесі - Қолдану бойынша талаптар мен ұсыныстар;

4.4 ҚР 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319-III «Білім туралы» Заңы (2025 жылғы 15 сәуірдегі өзгерістері мен толықтыруларымен);

4.5 ҚР 2015 жылғы 23 қарашадағы №414-V ҚРЗ Еңбек кодексі (2025 жылғы 19 мамырдағы өзгерістері мен толықтыруларымен);

4.6 ҚР Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы № 248 Қаулысы «Қазақстан Республикасында жоғары білімді және ғылымды дамытудың 2023 – 2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту туралы» (2024 жылғы 14 маусымдағы өзгерістері мен толықтыруларымен);

4.7 ҚР БҒМ-нің 2018 жылғы 30 қазандағы № 595 Бұйрығы «Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» (2024 жылғы 24 маусымдағы өзгерістері мен толықтыруларымен);

4.8 ҚР ҒЖБМ-нің 2022 жылғы 20 шілдедегі № 2 Бұйрығы «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» (2025 жылғы 22 сәуірдегі өзгерістері мен толықтыруларымен);

4.9 ҚР БҒМ-нің 2011 жылғы 20 сәуірдегі № 152 Бұйрығы «Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарында оқытудың кредиттік технологиясы бойынша оқу процесін ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы» (2025 жылғы 26 наурыздағы өзгерістері мен толықтыруларымен);

4.10 ҚР БҒМ-нің 2015 жылғы 20 наурыздағы № 137 Бұйрығы «Білім беру ұйымдарына қашықтықтан оқытуды ұсыну жөніндегі талаптарды және қашықтықтан оқыту бойынша және жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламалары бойынша онлайн-оқыту нысанында оқу процесін ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы» (2024 жылғы 21 мамырдағы өзгерістері мен толықтыруларымен);

4.11 ҚР БҒМ-нің 2015 жылғы 17 маусымдағы № 391 Бұйрығы «Білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптарын және оларға сәйкестікті растайтын құжаттардың тізбесін бекіту туралы» (2024 жылғы 05 қаңтардағы өзгерістері мен толықтыруларымен);

4.12 ҚР БҒМ-нің 2022 жылғы 12 қазандағы № 106 Бұйрығы «Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарында іске асыратын білім беру бағдарламаларының тізілімін жүргізу қағидалары, сондай-ақ білім беру бағдарламаларының тізіліміне енгізу мен одан алып тастау негіздерін бекіту туралы» (2023 жылғы 27 маусымдағы өзгерістері мен толықтыруларымен);

4.13 ҚР БҒМ-нің 2018 жылғы 13 қазандағы № 569 Бұйрығы «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрларды даярлау бағыттарының сыныптауышын бекіту туралы» (2023 жылғы 21 шілдедегі өзгерістері мен толықтыруларымен);

4.14 «Академиялық саясат» ҚазТБУ-ОҮЖ-ЕСБ-8.3/8.1-2025-01;

4.15 «Қ.Құлажанов атындағы ҚазТБУ» АҚ-ның Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарты;

4.16 Білім беру қызметінің ішкі сапасын қамтамасыз ету саясаты ҚазТБУ-ББББ-ІҚТТЕ-8.3/8.1-2025-34.

## 5. ТЕРМИНДЕР МЕН АНЫҚТАМАЛАР

Термин	Анықтама
Академиялық кредит	Білім алушының және (немесе) оқытушының ғылыми және (немесе) оқу жұмысының (жүктемесінің) көлемін өлшеудің біріздендірілген бірлігі
Академиялық кезең (Term)	Университет үш нысанның бірінде: семестр, триместр, тоқсан түрінде дербес белгілейтін теориялық оқыту кезеңі
Академиялық сағат	Оқу сабақтарының немесе оқу жұмысының басқа түрлерінің көлемін өлшеу бірлігі. 1 академиялық сағат 50 минутқа тең, академиялық күнтізбені (оқу процесінің кестесін), оқу сабақтарының кестесін жасау кезінде, өтілген оқу материалын жоспарлау және есепке алу кезінде, сондай-ақ педагогикалық жүктемені жоспарлау және оқытушының жұмысын есепке алу кезінде қолданылады
Бакалавриат	Кемінде 240 академиялық кредитті міндетті түрде игере отырып, тиісті білім беру бағдарламасы бойынша «бакалавр» дәрежесін бере отырып, кадрлар даярлауға бағытталған жоғары білім деңгейі
Жоғары оқу орны компоненті	Білім беру бағдарламасын меңгеру үшін Университет дербес айқындайтын оқу пәндерінің және сәйкес академиялық кредиттердің ең төменгі көлемдерінің тізбесі
Түлек	оқу орнының соңғы курсы аяқтайтын, соңғы курста оқитын адам
Дескрипторлар	Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің тиісті деңгейінің (сатысының) білім беру бағдарламасын зерделеу аяқталғаннан кейін білім алушылар алған білім, білік, дағдылар мен құзыреттер деңгейі мен көлемін оқыту нәтижелеріне, қалыптастырылған құзыреттерге негізделген сипаттама
Қос дипломды білім беру	Екі тең диплом немесе бір негізгі және екінші қосымша диплом алу мақсатында екі білім беру бағдарламасы және оқу жоспары бойынша оқу мүмкіндігі
Қосымша білім беру бағдарламасы	білім беру процесін ұйымдастырудың мақсаттарын, міндеттерін, мазмұнын, тәсілдерін, қызметтің күтілетін нәтижелерін айқындайтын құжат
Білім	Жеке және кәсіби қызметте қолданылатын ақпарат, нормалар
Жеке оқу жоспары	білім беру бағдарламасы мен элективті пәндер каталогы негізінде эдвайзердің көмегімен әр оқу жылына дербес қалыптастыратын студенттің оқу жоспары
Элективті пәндер каталогы	Таңдау компонентінің барлық пәндерінің жүйелендірілген аннотацияланған тізбесі, олардың оқу мақсатын, қысқаша мазмұнын (негізгі бөлімдерін) және оқудың күтілетін нәтижелерін (білім алушылар алатын білім, білік, дағды және құзыреттіліктер) көрсете отырып, қысқаша сипаттамасын қамтиды
Біліктілік	Қызметкердің нақты еңбек функцияларын сапалы орындауға дайындық дәрежесі

## 6. ҚОЛДАНЫЛҒАН ҚЫСҚАРТУЛАР МЕН БЕЛГІЛЕР

Қысқарту	Толық атауы
ІНА	Ішкі нормативтік құжаттар

4.15 «Қ.Құлажанов атындағы ҚазТБУ» АҚ-ның Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарты;

4.16 Білім беру қызметінің ішкі сапасын қамтамасыз ету саясаты ҚазТБУ-ББББ-ІҚТТЕ-8.3/8.1-2025-34.

### 5. ТЕРМИНДЕР МЕН АНЫҚТАМАЛАР

Термин	Анықтама
Академиялық кредит	Білім алушының және (немесе) оқытушының ғылыми және (немесе) оқу жұмысының (жүктемесінің) көлемін өлшеудің біріздендірілген бірлігі
Академиялық кезең (Term)	Университет үш нысанның бірінде: семестр, триместр, тоқсан түрінде дербес белгілейтін теориялық оқыту кезеңі
Академиялық сағат	Оқу сабақтарының немесе оқу жұмысының басқа түрлерінің көлемін өлшеу бірлігі. 1 академиялық сағат 50 минутқа тең, академиялық күнтізбені (оқу процесінің кестесін), оқу сабақтарының кестесін жасау кезінде, өтілген оқу материалын жоспарлау және есепке алу кезінде, сондай-ақ педагогикалық жүктемені жоспарлау және оқытушының жұмысын есепке алу кезінде қолданылады
Бакалавриат	Кемінде 240 академиялық кредитті міндетті түрде игере отырып, тиісті білім беру бағдарламасы бойынша «бакалавр» дәрежесін бере отырып, кадрлар даярлауға бағытталған жоғары білім деңгейі
Жоғары оқу орны компоненті	Білім беру бағдарламасын меңгеру үшін Университет дербес айқындайтын оқу пәндерінің және сәйкес академиялық кредиттердің ең төменгі көлемдерінің тізбесі
Түлек	оқу орнының соңғы курсы аяқтайтын, соңғы курста оқитын адам
Дескрипторлар	Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің тиісті деңгейінің (сатысының) білім беру бағдарламасын зерделеу аяқталғаннан кейін білім алушылар алған білім, білік, дағдылар мен құзыреттер деңгейі мен көлемін оқыту нәтижелеріне, қалыптастырылған құзыреттерге негізделген сипаттама
Қос дипломды білім беру	Екі тең диплом немесе бір негізгі және екінші қосымша диплом алу мақсатында екі білім беру бағдарламасы және оқу жоспары бойынша оқу мүмкіндігі
Қосымша білім беру бағдарламасы	білім беру процесін ұйымдастырудың мақсаттарын, міндеттерін, мазмұнын, тәсілдерін, қызметтің күтілетін нәтижелерін айқындайтын құжат
Білім	Жеке және кәсіби қызметте қолданылатын ақпарат, нормалар
Жеке оқу жоспары	білім беру бағдарламасы мен элективті пәндер каталогы негізінде эдвайзердің көмегімен әр оқу жылына дербес қалыптастыратын студенттің оқу жоспары
Элективті пәндер каталогы	Таңдау компонентінің барлық пәндерінің жүйелендірілген аннотацияланған тізбесі, олардың оқу мақсатын, қысқаша мазмұнын (негізгі бөлімдерін) және оқудың күтілетін нәтижелерін (білім алушылар алатын білім, білік, дағды және құзыреттіліктер) көрсете отырып, қысқаша сипаттамасын қамтиды
Біліктілік	Қызметкердің нақты еңбек функцияларын сапалы орындауға дайындық дәрежесі

### 6. ҚОЛДАНЫЛҒАН ҚЫСҚАРТУЛАР

Қысқарту	Толық атауы
ІНА	Ішкі нормативтік құжаттар

<b>МЖМБС</b>	Қазақстан Республикасының мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты
<b>БП</b>	Базалық пәндер
<b>ЖК</b>	Жоғары оқу орны компоненті
<b>БББ</b>	Білім беру бағдарламасы
<b>ПОҚ</b>	Профессорлық-оқытушылық құрам
<b>ЖОЖ</b>	Жеке оқу жоспары
<b>ТК</b>	Таңдау компоненті
<b>ОӘЖ</b>	Оқу-әдістемелік жұмыс
<b>ББББ</b>	Білім беру бағдарламаларын басқару
<b>Университет</b>	«Қ.Құлажанов атындағы Қазақ технология және бизнес университеті» АҚ
<b>БАҚКО</b>	Білім алушыларға қызмет көрсету орталығы

## 7. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

7.1. Осы Қосымша білім беру бағдарламасы (Minor) туралы ереже (бұдан әрі – Ереже) «Қ. Құлажанов атындағы Қазақ технология және бизнес университеті» АҚ-дағы (бұдан әрі – Университет) қосымша білім беру бағдарламасына (Minor) қатысты негізгі ұғымдарды, форматын, ұйымдастыру тәртібін және шарттарын айқындайды.

7.2. Ереже – Университеттің лауазымды тұлғалары мен оқу процесі басқармасы (ОПБ) қызметкерлеріне арналған, Университеттің ішкі нормативтік құжаты (бұдан әрі – ІНК) болып табылады.

7.3. Ереже Сапа менеджменті жүйесінің (СМЖ) талаптарына сәйкес Университетте қабылданған құжаттама жиынтығына кіреді.

7.4. Ереже жоғары білім берудің қосымша білім беру бағдарламаларын құруда бірыңғай тәсілді қамтамасыз ету, сондай-ақ қазіргі еңбек нарығының қажеттіліктеріне сәйкес дайындық бағыттары бойынша мамандардың қосымша құзыреттерін қалыптастыру мақсатында әзірленді.

7.5. Қосымша білім беру бағдарламасының (Minor) мақсаттары:

7.5.1. Түлектің еңбек нарығындағы бәсекеге қабілеттілігін арттыру;

7.5.2. Екі білім беру бағдарламасы – негізгі (Major) және қосымша (Minor) бағдарламалардың тоғысқан жеріндегі іргелес салада жұмыс істеу немесе еңбек нарығында қалыптасу мүмкіндігі.

7.6. Қосымша білім беру бағдарламасының (Minor) міндеттері:

7.6.1. Білім беру сапасын және кәсіби дағдыларды игеру тиімділігін арттыру;

7.6.2. Түлектердің бәсекеге қабілетті еңбек нарығында жұмысқа орналасуына барынша мүмкіндіктер беру үшін жағдай жасау;

7.6.3. Білім алушылардың дайындық бағытын еркін таңдау мүмкіндігімен білім беру кредиттік технологияларын іске асыру;

7.6.4. Қазақстандық жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім туралы дипломдардың Еуропа өңірінде және одан әрі конвертациялануын (танылуын) қамтамасыз ету;

7.6.5. Білім алушылардың ішкі және халықаралық еңбек нарығындағы бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз ету;

7.6.6. Білім беру нарығында Университеттің беделін нығайту.

7.7. Осы Ережені іске асыру ережелері мен рәсімдері бакалавриат білім беру бағдарламалары бойынша Университет білім алушыларына, сондай-ақ эдвайзерлерге, кафедра меңгерушілеріне әзірленген және оларға қолданылады.

7.8. Осы Ереже шеңберіндегі қызметті үйлестіруді мыналар жүзеге асырады:

7.8.1. Университетте – Академиялық мәселелер жөніндегі проректор;

7.8.2. Университеттің құрылымдық бөлімшелерінде – бөлімше басшылары (факультет декандары, кафедра меңгерушілері, бөлім басшылары).

7.9. Ереже Қазақстан Республикасының білім беру жүйесі қызметінің құқықтық

шарттары, халықаралық келісімдер және Университетте қолданылатын білім беру саласындағы нормативтік база өзгерген кезде нақтылануы, толықтырылуы және өзгертілуі мүмкін.

## **8. ҚОСЫМША БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ (MINOR) ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕНІ ІСКЕ АСЫРУ МЕХАНИЗМІ**

8.1. Университет білім алушылары Қазақстан Республикасының заңнамасына, Университеттің ішкі нормативтік құжаттарына (бұдан әрі – ІНҚ) қайшы келмеген жағдайда, осы Ережеге сәйкес аталған бағдарламаға қатысуға құқылы.

8.2. Қосымша білім беру бағдарламасы (Minor) шеңберінде білім алушылар негізгі білім беру бағдарламасы бойынша пәндерді тіркеу және жеке оқу жоспарын (ЖОЖ) қалыптастыру кезінде қосымша білім беру бағдарламасының (Minor) пәндер каталогынан пәндерді таңдау арқылы тіркеледі.

8.3. Қосымша білім беру бағдарламасының (Minor) пәндер каталогы Университет деңгейінде қалыптастырылады және Университет сайтында орналастырылады. Білім алушылар (Minor) пәндерінің сипаттамасымен мұқият танысып, қажет болған жағдайда оған тіркелуі қажет. Қажет болса, білім алушы эдвайзер мен кафедра меңгерушісінен кеңес алады.

8.4. Білім алушылар Университет кафедралары ұсынған қосымша білім беру бағдарламасын (Minor) таңдау құқығында еркін. Кәсіби құзыреттіліктерді арттыру, негізгі құзыреттіліктерге тереңірек ену мақсатында білім алушы өз білім беру бағдарламасының (Minor) пәндерін де таңдай алады. Қосымша білім беру бағдарламасы (Minor) бойынша таңдалатын пәндер көлемін Университет дербес белгілейді. Бұл ретте, Minor пәндерін білім алушылар таңдау компоненті (ТК) және жоғары оқу орны компоненті (ЖООК) шеңберінде оқиды. ТК және ЖООК Университетпен дербес айқындалады және еңбек нарығының қажеттіліктерін, жұмыс берушілердің күтулерін және білім алушының жеке мүдделерін ескереді.

### **8.5. Minor бағдарламасының ерекшеліктері:**

8.5.1. Бакалавриат бағдарламасы бойынша оқудың бірінші курсының соңында барлық студенттерге таңдау үшін ұсынылады;

8.5.2. Әрбір студент оқу үшін бір Minor-ды таңдай алады;

8.5.3. Minor бакалавриаттың екінші және үшінші курстарында оқылады;

8.5.4. Бірізді немесе қатар оқылатын үш пәннен тұрады;

8.5.5. Еңбек сыйымдылығы 15 кредит (әр пәннің еңбек сыйымдылығы – 5 кредит);

8.5.6. Еңбек сыйымдылығы білім беру бағдарламасының негізгі бөлігіне кіреді (Minor пәндері үшін кредиттер негізгі бағдарламаның 240 кредитіне кіреді);

8.5.7. Әрбір білім беру бағдарламасының білім алушысы эдвайзердің қолдауымен дербес таңдайды;

8.5.8. Таңдалған Minor бағдарламасына қатысты пәндер ғана оқылады.

8.6. Қосымша білім беру бағдарламасы бойынша жеке оқу жоспарын дұрыс қалыптастыру мақсатында студент оқу траекториясын эдвайзермен, сондай-ақ басқа білім беру бағдарламасына жетекшілік ететін кафедра меңгерушісімен келісуге міндетті. Эдвайзер қосымша білім беру бағдарламасы бойынша элективті пәндерді таңдаған студенттің жеке оқу жоспарын, таңдалған пәндер тізімін басқа білім беру бағдарламасына жетекшілік ететін кафедра меңгерушісімен келіскеннен кейін ғана растайды.

8.7. Білім алушы қосымша оқу ақысы есебінен қосымша дағдылар мен білімдерді игеру үшін оқу бағдарламасының қолданылу кезеңінде қосымша білім беру бағдарламасы (Minor) бойынша қосымша кредиттерге (артық кредиттерге) тіркелуге құқылы.

8.8. Төлем мөлшері тіркелген пәндердің кредит санына және төлем жасалған сәтте Университеттің ІНҚ-мен белгіленген бір кредиттің құнына қарай айқындалады. Білім беру қызметтерінің шарттары мен шығындарын елеулі түрде өзгертетін, еңбекақы төлеу шығындарын және инфляция индексі артыратын нормативтік актілер шыққан жағдайда, оқу

құны өзгертілуі мүмкін, бірақ жылына бір реттен артық емес.

8.8.1. Қосымша білім беру бағдарламасы бойынша оқу ақысы тек байланыс кредиттері үшін төленеді.

8.8.2. Егер топтағы білім алушылар саны қажетті мөлшерге (15 және одан да көп адам) жетсе, білім алушылар жеке топта оқиды. Егер он бес білім алушыдан аз болса, олар дайындықтың қажетті бағыты бойынша жұмыс істеп тұрған топтарға бөлінеді.

8.9. Білім алушы оқудың толық курсы аяқтағаннан кейін Ереженің талаптарын меңгерген жағдайда, қосымша білім беру бағдарламасын (Minor) меңгеруі белгіленген нысанға сәйкес транскриптке енгізіледі.

## 9. ПРОЦЕСКЕ БАЙЛАНЫСТЫ ТӘУЕКЕЛДЕР ЖӘНЕ ТӘУЕКЕЛДЕРДІҢ АЛДЫН АЛУ ӘРЕКЕТТЕРІ

9.1 Тәуекелдер байланысты:	мыналарға	9.2 Тәуекелдердің алдын алу жөніндегі іс-әрекеттер:
<ul style="list-style-type: none"> <li>• құжатталған ақпаратты дұрыс басқармау;</li> <li>• тиісті емес байланыс, құжатталған ақпараттың ішкі және сыртқы алмасуының нашар жұмыс істейтін арналары;</li> <li>• қызметкерлердің қабілетсіздігі.</li> </ul>		<ul style="list-style-type: none"> <li>• уақтылы тарату, мүдделі тұлғалардың қолжетімділігін қамтамасыз ету, өзгерістерді бақылау, құпиялылық, Сайтта және ақпараттық стендтерде тек Pdf форматында электрондық нұсқаларды орналастыру;</li> <li>• қызметкерлерге құжаттау ережелері туралы қосымша ақпарат беру.</li> </ul>

## 10. ЖАУАПКЕРШІЛІК ЖӘНЕ ӨКІЛЕТТІК

10.1 Осы рәсімді әзірлеуді және қолданысқа енгізуді ұйымдастыруға жауапкершілік оқу процесіне қатысатын тиісті құрылымдық бөлімшелердің басшыларына жүктеледі.

10.2 Құрылымдық бөлімшелер мен лауазымды тұлғалардың құжатталған ақпаратты басқару бойынша өкілеттіктерін бөлу:

10.2.1 білім беру бағдарламалары басқармасының (ББББ) басшысы: құжатталған ақпаратты өзектендіру, құжатталған ақпараттың сапа саласындағы стандарттардың талаптарына сәйкестігін тексеру;

10.2.2 декандар, кафедра меңгерушілері, профессорлық-оқытушылық құрам (ПОҚ): осы ережені орындау және оны жақсарту бойынша ұсыныстар әзірлеу.

Бөлімше	Өкілеттіктер
Факультеттің академиялық сапа жөніндегі комиссиясы	Қосымша білім беру бағдарламаларын келісу (minor)
ББББ	Қосымша білім беру бағдарламаларын келісу (minor)
ӨБ	- Құжатталған ақпаратты өзектендіру; - Қосымша білім беру бағдарламаларын бақылау және тексеру.
Кафедра	- Қосымша білім беру бағдарламаларын әзірлеу (Ф. ББББ 8.3/8.1-2025-17-01); - Университет сайтында қосымша білім беру бағдарламаларын орналастыру.

Н.ББББ 8.3/8.1-2025-17-01 (міндетті)

Қосымша білім беру бағдарламалары каталогының нысаны (Minor)

Қ.Құлажанов атындағы «Қазақ технология және бизнес университеті» АҚ	Кафедраның істер номенклатурасына сәйкес код	
Қосымша білім беру бағдарламасы (Minor)	№ басылым	

### ҚОСЫМША БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ (MINOR)

*Білім беру бағдарламасының коды мен атауы*

**Астана-20\_\_**

Қ.Құлажанов атындағы «Қазақ технология және бизнес университеті» АҚ	Кафедраның істер номенклатурасына сәйкес код	
Қосымша білім беру бағдарламасы (Minor)	№ басылым	

#### Алғы сөз

«\_\_\_\_\_» қосымша білім беру бағдарламасы (Minor) 20\_\_ жылғы «\_\_\_\_»  
\_\_\_\_\_ Академиялық сапа жөніндегі кеңес отырысында мақұлданданған, хаттама № \_\_\_\_\_

Төраға \_\_\_\_\_  
Аты-жөні, тегі \_\_\_\_\_ Қолы \_\_\_\_\_

«\_\_\_\_\_» қосымша білім беру бағдарламасы (Minor) 20\_\_ жылғы «\_\_\_\_»  
\_\_\_\_\_ факультеттің Академиялық сапа жөніндегі комиссиясының отырысында келісілген,  
хаттама № \_\_\_\_\_

Төраға \_\_\_\_\_  
Аты-жөні, тегі \_\_\_\_\_ Қолы \_\_\_\_\_

«\_\_\_\_\_» қосымша білім беру бағдарламасы (Minor) 20\_\_ жылғы  
«\_\_\_\_» \_\_\_\_\_ «\_\_\_\_\_» кафедрасының отырысында әзірленген және  
талқыланған, хаттама № \_\_\_\_\_

Кафедра меңгерушісі \_\_\_\_\_  
Аты-жөні, тегі \_\_\_\_\_ Қолы \_\_\_\_\_

Қ.Құлажанов атындағы «Қазақ технология және бизнес университеті» АҚ	Кафедраның істер номенклатурасына сәйкес код	
Қосымша білім беру бағдарламасы (Minor)	№ басылым	

## Мазмұны

- 1 Қосымша білім беру бағдарламасының сипаттамасы (Minor)
- 2 Қосымша білім беру бағдарламасының мақсаты (Minor)
- 3 Қосымша білім беру бағдарламасының міндеттері (Minor)
- 4 Қалыптастырылатын құзыреттіліктер
- 5 Пәндер каталогы

*бет*

Қ.Құлажанов атындағы «Қазақ технология және бизнес университеті» АҚ	Кафедраның істер номенклатурасына сәйкес код	
Қосымша білім беру бағдарламасы (Minor)	№ басылым	

**1 Қосымша білім беру бағдарламасының сипаттамасы (Minor):** арналуы, маңыздылығы, дәлелдемесі

**2 Қосымша білім беру бағдарламасының мақсаты (Minor):**

**3 Қосымша білім беру бағдарламасының міндеттері (Minor):**

**4 Қалыптастырылатын құзыреттіліктер:**

**5 Пәндер каталогы**

№	Пәннің атауы	Кредитер
	<b>Minor</b>	
1		5
2		5
3		5

**Пәннің атауы:**

**Қысқаша сипаттама:** Білім беру бағдарламасы бойынша оқыту нәтижелеріне қол жеткізудің индикаторы ретінде пәннің мазмұнын ашу қажет. Пәннің сипаттамасында қандай да бір анықтамалар, дәрістерден, оқулықтардан үзінділер және т.б. болмауы тиіс.

**Мысалы:** « \_\_\_\_\_ » пәнінің мақсаты білім алушылардың \_\_\_\_\_ саласындағы теориялық және практикалық білімдерді меңгеруі және \_\_\_\_\_ үшін қажетті біліктері мен дағдыларын алуы болып табылады.

**Пререквизиттер:**

**Постреквизиттер:**

**Оқыту нәтижелері:** Пәнді сәтті аяқтағаннан кейін білім алушы не істей білуі керек?

**Сабақ түрлері:**

**Бақылау формасы:**



